

Г.А. Мамырбекова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: gulsan82@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ – МӘТІНМЕН ЖҰМЫС: ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мақалада өзін-өзі тану сабақтарында дамытуға болатын оқушылардың оқу сауаттылығы қарастырылады. Қазіргі уақытта оқу сауаттылығы тіл және әдебиеттану курстарында көбірек айтылады. Бүгінгі оқушылар үшін мәтінмен, электронды мәтіндермен жұмыс жасау дағдылары маңызды деп саналады. Оларды оқу жетістіктерінің халықаралық PISA, PIRLS сияқты жүйесінде бағалайды. Мектеп оқушыларының заманауи ұрпағы цифрлық деп аталатындықтан олардың көбісінде қабылдаудың визуалды коды басым болады, сол үшін педагогтер вербальды-логикалық ойлауды қалыптастыруда оқушылардың мәтінді оқып түсіну дағдыларын дамытуға баса назар аударады.

Мақаланың мақсаты – мәтінмен жұмыс жасау арқылы өзін-өзі тану сабақтарындағы құндылықтарды айқындау үшін функционалды сауаттылық феноменін талдау және функционалды оқу сауаттылығын дамыту техникаларын қолдану мәселесін өзектендіру, ұсыныстар беру.

Оқу сауаттылығы біліктері мәтіннен алынған ақпараттарды қолдану мен олардың мағынасын түсініп іздеп табуға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Мақалада өзін-өзі тану сабақтарындағы мәтіннің құндылықтық-мағыналық мазмұнын анықтауға арналған тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалардың кейбір түрлері оқушыларды мәтіннің мағынасын сыныптастарымен бөлісуге, өзінің оқиғасын құрастыруға және соған байланысты құндылықтарды ажырата алуға үйретеді. Мұндай тапсырмалар оқиға айту өнері, сторителлинг құрастыру, «Мұғалім сыйы» және шығармашылық жұмыстарды орындауда қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: оқу сауаттылығы, өзін-өзі тану құндылықтары, құндылықты бағдарлы оқыту, өзін-өзі тану сабақтары.

G.A. Mamyrbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulsan82@mail.ru

Functional Literacy of High School Students-Working With Text: Opportunities for Applying Educational Skills in Self-Cognition Classes

It is considered the reading literacy of high school students in the article, which can be developed through self-cognition classes. Currently, reading literacy is more considered in language and literature courses. The skills of working with text and electronic text are important for the modern student. It is evaluated in the international educational achievement assessment systems PISA, PIRLS. Since the current generation of students is called the digital generation, which is dominated by the visual code of perception, in order to form verbal and logical thinking, pedagogues began to pay more attention to the development of reading skills and understanding of the text by students.

The purpose of the article is to analyze the phenomenon of functional reading literacy and actualization the problem of using techniques for developing functional reading literacy to identify values in working with educational texts in self-cognition classes, offer recommendations. Reading literacy skills are aimed at finding the meaning and application of the information obtained from the text, its understanding, and the development of students' cognitive abilities. The article presents tasks to identify the value-semantic content of the text in self-cognition classes. Through some of the tasks, students can learn to compose texts and convey their meaning to their classmates, their understanding of stories, and their vision of values. These tasks can be used during storytelling, discussion of stories, discussion of the "Teacher's Gift", or during creative work.

Key words: reader's literacy, values of self-cognition, value-semantic training, self-cognition classes.

Г.А. Мамырбекова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulsan82@mail.ru

**Функциональная грамотность школьников – работа с текстом:
возможности применения учебных навыков на уроках самопознания**

В статье рассмотрена читательская грамотность школьников, которую можно развивать и через уроки самопознания. В настоящее время читательская грамотность больше рассматривается в языковых и литературоведческих курсах. Ее оценивают в международных системах оценки учебных достижений PISA, PIRLS. Навыки работы с текстом, электронным текстом важны для современного учащегося. Поскольку современное поколение школьников называют цифровым поколением, у которых преобладает визуальный код восприятия, то для формирования вербально-логического мышления педагоги большее внимание стали уделять развитию навыков чтения и понимания текста учащимися. Цель статьи – анализ феномена функциональной грамотности чтения и актуализация проблемы применения техник развития функциональной грамотности чтения для выявления ценностей в работе с учебными текстами на уроках Самопознания, предложение рекомендаций. Умения читательской грамотности направлены на поиск смысла и применение полученной информации из текста, его понимание, развитие познавательных способностей учащихся. В статье представлены задания на выявление ценностно-смыслового содержания текста на уроках самопознания. Через некоторые из заданий школьники могут научиться составлять тексты и доносить свой смысл до одноклассников, свое понимание историй, свое видение ценностей. Такие задания могут быть использованы во время сторителлинга, обсуждения историй, обсуждения «Подарка Учителя», или во время творческой работы.

Ключевые слова: читательская грамотность, ценности самопознания, ценностно-смысловое обучение, уроки самопознания.

Кіріспе

Қазіргі уақытта жалпы орта білім беру жүйесіндегі пәндерді оқыту талаптары жаңартылған білім мазмұнымен сабақтас болып отырғандықтан мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тәжірибесіне баса назар аударылуда. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде оқу сауаттылығының жалпы, оқу, ақпараттық, коммуникативтік, компьютерлік және тұрмыстық сияқты түрлері көрсетіледі. Жаңа ғасыр оқушылары сандық ұрпақ деп аталатындықтан оларда визуалды қабылдау коды басым болады, сол себепті сабақ барысында мұғалімдер вербалды-логикалық ойлауды қалыптастыруға ықпал ететін оқушылардың мәтінді оқу және түсіну дағдыларын дамытуға көп көңіл бөле бастады. Бүгінгі оқыту үдерісінде оқу сауаттылығы тіл және әдебиет курстарының аясындағы *тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым* тәрізді төрт оқу дағдыларының бағалануымен сипатталады. Бұл оқу дағдылары оқу әрекетінде қолданыс табатындықтан оқыту үдерісіндегі барлық оқу пәндерінде қолданылады. Білім мазмұны мәтін түрінде берілетіндіктен өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын дамытудың рөлі зор. Мәтінмен, электрондық мәтінмен жұмыс істеу дағдылары қазіргі оқушылар үшін өте маңызды. Сондықтан

мақалада өзін-өзі тану сабақтары арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселесін қарастырамыз. «Өзін-өзі тану» пәні оқушыларды адами асыл қасиеттерге жетелейтін, олардың рухани дүниесін байытатын білім мазмұнымен ерекшеленеді. Пәнді оқытуда оқу мәтіндерін қолдану рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызын ашуға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға мүмкіндік беретін функционалды сауаттылық феноменін талдау және ұсыныстар дайындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында философиялық, психологиялық-педагогикалық, жалпы ғылыми және нақты ғылыми әдіснама деңгейлері қолданылды. Мәселені анықтау үшін алдымен функционалдық сауаттылықты бағалауды енгізудің халықаралық тәжірибесінің, содан кейін «Өзін-өзі тану» пәнінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылып, ұсыныстар берілді.

Оқу сауаттылығы ұғымы

Білім беру мен оқыту саласында сауаттылықты арттыру мәселесі ежелгі Египет пен Вавилон қалаларынан бастау алған. Одан бертіп келе Еуропа, Германия, Чехия мемлекеттеріндегі сауаттылықты арттыру ұстанымдары анықтала бастады. В. Ратке ана тілі мен шетел тілдерін

оқытудың жаңа әдістерін практикада қолданудан жинақтаған тәжірибелері негізінде жалпы оқыту ұстанымдарын ұсынды. Ұлы чех педагогы Я.А. Коменскийдің педагогикалық жүйесін жасауда В. Раткенің педагогикалық қағидалары себепші болғандығын айтуымыз парыз (Козеева, 2016: 75-76; Занков, 1964) [1, 75-76 б.; 2]. Осы идеялардың негізінде қазіргі таңда жалпы сауаттылықты дамытудың функционалды бағыты жүзеге асырылуда.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымын алғаш рет «сауаттылық», «минималды сауаттылық» ұғымдарымен бірге 1957 жылы ЮНЕСКО ендірген болатын. *Сауаттылық дегеніміз* – бұл оқушылардың оқу, жазу мен санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары. *Минималды сауаттылық* – бұл қарапайым хабарламаларды жаза білу мен оқи алу. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – күрделі, көп жақты, ұзақ үдеріс [3-4] (ҰБА, 2013: 26-29 б; АТО, 2015). Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бүгінгі күні талаптың күшейіп, сұраныстың артуы бұл мәселені зерттеудің өзектілігін көрсетіп отыр.

Функционалдық сауаттылық мәселесін білім берудің философиялық деңгейінде Б.С. Гершунский, В.В. Мацкевич, С.А. Крупник, үздіксіз білім беру аспектісі ретінде С.А. Тангян, И.А. Колесникова, құзыреттілік қатынас контекстінде А.В. Хуторской, О.Е. Лебедев және т.б. ресейлік ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырылған. Психолог ғалым Н.Н. Сметанникова функционалдық сауаттылықты оқуға үйретуге байланысты зерттеген. Функционалдық сауаттылықты күшейтудегі білім берудің орны мен рөлін ресейлік ғалым П.Р. Атутов дәйектеп көрсеткен.

Қазақстандық ғалымдар Ж.Ж. Ордабаева физика сабақтарында, А.К. Рауандина қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесін әдістемелік тұрғыдан зерттеп, оқу пәндеріндегі рөлін айқындап негіздеген.

Оқу сауаттылығын бағалау бойынша халықаралық ұйымдардың тәжірибесі

PIRLS. PIRLS зерттеуінің мақсаты – әлемнің әртүрлі елдерінің бастауыш сыныптарының мәтінді түсіну деңгейлерін сәйкестендіру және ұлттық білім жүйесінің оқу сауаттылығын ашудағы ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Аталмыш зерттеу ісінің халықаралық сарапшыларының ойынша, «Оқырман сауаттылығы» – бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әртүрлі жазба сөйлеу формасын түсіну және терең

ойлау қабілеті. Аталған зерттеу нысаны бастауыш сынып бітірушілерінің оқу жетістіктерін анықтайды, себебі оқытудың алғашқы 4 жылы нақты барлық білімді және үйрену қабілеттерін шыңдаудың негізі болып табылады. Мұндай зерттеу бес жылда бір рет өткізіледі және қазіргі уақытқа дейін оның үш айналымы өтті: 2001, 2006 және 2011 жылдар. PIRLS зерттеуіне әлемнің 50-ден астам елдердің қатысуы зерттеуде мамандандырылған ұйым деңгейінде жоғары әдіснамалық және техникалық қамтамасыз етеді (PIRLS, 2018) [5].

Оқырман сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі. Әдеби оқу тәжірибиесін меңгеру мақсатында нақты мәтін бөліктерін таңдау, оларды қарапайым қорытындыларды қалыптастыруда қолдану, оқиғалар арасында өзара байланыс орнату; мәтіннің ортақ идеясын анықтау, мәтін құрылымынан элементтерді анықтап көрсету, кейіпкерлер әрекетіне қарапайым интерпретация беру, кейіпкерлердің әрекеттерін және сезімдерін салыстыру, олардың өзара байланысын түсіндіру, мәтінде қолданылған тілдік ортаның ерекшеліктеріне алғашқы сараптама жасау, мәтіннен үзінді келтіре отырып, негізгі кейіпкерлер мінездемесіне, олардың ниеті мен сезіміне интерпретация жасау, мәтіннен ақпаратты ала отырып мәтіннің мағынасын немесе негізгі идеясын түсіндіру сияқты бағыттар көзделген.

Ақпаратты түсіну және қолдану мақсатында мәтінде берілген деректерді анықтап, қайта қосу, қажетті ақпаратты көрсететін сөйлемді сызып белгілеу, оны қорытындыларды қалыптастыруда қолдану, мәтіндегі берілген ақпараттың үйлесімділігі туралы қорытынды жасау, мәтіннің әр бөлімдерін саралау және керекті ақпаратты көрсету, мәтінге жалпы қатынасты анықтауға мүмкіндік береді. Сол сияқты мәтіндегі анық емес түрде берілген арнайы ақпаратты белгілеу, мәтіндегі сөйлемдердің өзара байланысын негіздеу, әртүрлі мәтіннің жеке сипаттамасын және қолданыс мақсатын анықтау, мәтіннің әр бөлімдерінен күрделі ақпаратты танып дәлелдеу, мәтіндегі ойды түсіну үшін визуалды және вербалды элементтердің мағынасын білу оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады. Мәтін құрылы-

мындағы карталар, иллюстрация, диаграммалар, фото суреттер негізінде оқушылар әртүрлі мәтіндерден ақпаратты жалпылау дағдыларын меңгереді.

PISA зерттеулері

Мәтінді оқу бойынша халықаралық шкала шығарылды.

Экономикалық серіктестік Ұйымы және даму (OECD Organization for Economic Cooperation and Development) ұйымдастырған PISA (Programme for International Students Assessment) зерттеуіне қатысушылар 15 жастағы оқушылар болып табылады. Зерттеуде PISA оқу сауаттығын бағалау математикалық және ғылыми бағытта бағаланады. Орта нәтижемен ОЭСР мемлекет мүшелері мынадай үш топқа бөлінеді:

- Орта нәтижеден жоғары мемлекеттер (Финляндия, Канада, Жаңа Зеландия, Бельгия, Исландия барлығы 12 ел);

- Орта нәтиже көрсеткен мемлекеттер ОЭСР мемлекеттерімен салыстырғанда (Норвегия, Франция, США, Дания, Швейцария, Франция, США, Дания, Швейцария, 5 ел);

- ОЭСР мемлекеттерімен салыстырғанда орта нәтижеден төмен елдер (Испания, Чешская Республика, Италия, Германия. Лихтенштейн*, Венгрия, Польша, Греция, Португалия, Российская Федерация*, Латвия*, Люксембург, Мексика, Бразилия*);

*ОЭСР мүше емес елдер (PISA, 2002) [6]

Оқу дағдыларының жеткілікті қалыптасқан деңгейі болмаса, білім беру үрдісінің әрі қарай сапалы болатындығы – екі ұшты мәселе, себебі ол (оқу сауаттылығы) оқушының функционалды сауаттылығының негізі болып табылады және баланың жалпы дамуы мен тәрбиесіне зор ықпал етеді. Балалардың оқудағы қызығушылығы мен түсініп оқу дағдысы көп жағдайда олардың басқа пәндерден де жалпы оқуының табысты болуына кепіл болады, себебі олар қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тақырыптары мен күрделілігі әр түрлі мәтіндерді дұрыс әрі толықтай түсінікті етіп оқып үйренеді, сөйтіп олар кез келген пәнге, ғылымға қатысты мәтіндердің мазмұнын ұғынып қабылдауға машықтанады. Одан басқа оқу барысында білім алушылар теориялық білім алып қана қоймай, жоғары адамгершілік құндылықтардан, рухани мәдени тәрбиеден сусындайды.

PISA үшін оқу сауаттылығын бағалаудың үш тәсілі бар.

Мәтіндердің форматы: ақпарат бір-бірінен кейін бірі жүретін абзацтар түрінде ұсынылған *тұтас мәтіндер* пайдаланылады және *тұтас*

емес мәтіндер және ақпарат белгілі бір блоктармен берілетін және сөздік мәтінді ғана емес, сонымен қатар карталарды, кестелерді, диаграммаларды да қамтуы мүмкін толық мәтіндер қолданылады.

Тұтас мәтіндер – оқушылар күнделікті өмірде оқиды, онымен қоса мектепте: *сипаттама* (өлең жолдарынан, әңгімеден, адамды суреттеуден, жерден, пәннен және т.с.); *баяндау* (әңгіме, өлең, әңгіме, әңгіме, хат, газет немесе журналдағы мақала, оқулықтағы мақала, нұсқаулық, жарнама, фильмнің, спектакльдің қысқаша мазмұны, блог посты, әр түрлі сайттардың материалдары); *талқылау* (шығарма-ойлау, пікір, өз пікірін дәлелдеу).

Тұтас емес мәтіндер: графиктер, диаграммалар, схемалар, кестелер, географиялық карталар мен жергілікті жердің карталары, үй-жай жоспары, жерлер, құрылыстар, кіру билеттері, көлік қозғалысының кестесі, сайт карталары (Jensen, 2005; Wood, 2007) [7-8].

Оқи білу – оқырман іс-әрекетінің түрлі процестері: мәтіннен ақпаратты оқу; мәтінді түсіндіру және оны жалпы түсіну; мәтіннің мазмұны, формалары мен ерекшеліктерін анықтай алуға құрылады.

Кең контекст немесе мәтінді пайдалану жағдайы: оқытудың жеке, қоғамдық, кәсіби мақсаттарында жүзеге асады.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы деңгейлерге бөлінеді:

- қарапайым критерий бойынша қажетті ақпаратты мәтінде іздеу (ең төменгі деңгей);

- көптеген өлшемдер бойынша қажетті ақпаратты іздеу;

- мәтінде қажетті ақпаратты іздеу, ақпараттың үзінділері арасындағы байланысты тану, белгілі, бірақ қарама-қайшы ақпаратпен жұмыс істеу;

- терең жасырын ақпаратты қамтитын үзінділердің бірізділігін немесе комбинациясын іздеу және орнату, тапсырманы орындау үшін мәтіндерде қандай ақпарат қажет екендігі туралы қорытынды жасай білу;

- күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру, мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезаларды тұжырымдау.

Оқу жетістіктерін бағалаудағы халықаралық ұйымдардың оқу сауаттылығын бағалау тәсілдерін қарастыра отырып, оқу сауаттылығы мәтіннен алынған ақпараттың мағынасын іздеуге және қолдануға, оны түсінуге, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталғандығын атап өтуге болады. Оқушылар үшін

дайындалған оқу мәтіндері көркем-әдеби, ғылыми, публицистикалық мәтіндерді қамтиды. Оқушылар олармен жұмыс істеуді, мәтінмен қарапайым әрекеттерді, соның ішінде мәтінде жазылған мағыналарды талдау мен түсіндіруді үйренуі керек. Алайда, мәтіннің мағыналық, құндылықты құрамдас бөліктерін іздеу шығармашылық үдеріс болуы мүмкін. Оқылым бөлігінің негізгі құрылымын анықтайтын ең бас-

ты көрсеткіш – мәтін. Мәтін қызықты, өзекті, күнделікті өмірге сай, шынайы және адамның эмоционалды-психологиялық күйіне кереғар әсер етпейтін болғаны жөн.

Мәтінмен жұмыс жасаудың қарапайым жаттығуларын мазмұндаудан бастайық. Кестеде функционалдық оқу сауаттылығы дағдыларының кейбір түрлерін – мәтінмен жұмыс жасауды ұсынамыз (кесте)

Кесте – Мәтінмен жұмыс істеу дағдыларының тізімі [9]

Тапсырма	Қалыптасатын білік-дағдылар
Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз	Қысқа мәтінді толық түсінуіне, берілген ақпараттан өзіне керек мәліметті ажырата алады. Қарым-қатынас түрлеріне тән сөз әдептерін игереді.
Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз	Мәтіннен өзіне керекті негізгі ойды білдіретін мағыналы, маңызды сөздерді іріктей алады. Тірек сөздерді қолдану арқылы өзінің сөздік қоры арта түседі. Іскерлік қатынастағы тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды орнымен жұмсай алады.
Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз	Берілген ақпаратты керекті толық және нақты мәліметті іріктеп алып, өз ойын жинақтап ақпаратты нақты, дәл, толық жеткізе біледі. Ойды айқын, әсерлі жеткізуде сөз мағыналарын дұрыс қолдана алады. Тіл табыса білуге қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгереді.
Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз	Күрделі емес мәтіндегі дәйектемелер тізбегін түсініп, қорытынды жасай алады. Мәтіннен негізгі ойды ажырата алу дағдысын меңгереді.
Мәтіндегі асты сызылған сөз тіркесінің мағынасын ашыңыз	Мәтіндегі берілген сөз тіркестерін түсініп, күнделікті өмірде қолдана алады. Сөз сапасына қойылатын талаптарды анықтай алады. Іскерлік қатынасқа тән сөз орамдарын пайдалана алады
Мәтін мазмұнына мақал-мәтелді сәйкестендіріңіз	Сөз құдіретін танытатын мақалдар мен даналық сөздерді сөйлеу дағдысына сіңіреді.

Мұндай тапсырмалар, мысалы ҚазТестте қолданылады.

Өзін-өзі тану метапән ретінде

«Өзін-өзі тану» пәнінің жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартында: «Жеке тұлғаның құндылықты бағдары, адамгершілік сапалары, адамның тұтас болмысы туралы ой қозғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын бұл бағдарламаның мақсаты әр адамның қоршаған ортада өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінуге; адамның өзін-өзі толық іске асыруға; өзінің әлеуметтік рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуға; қоғамға қызмет ету әлеуетін көтеруге; әрбір тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету болып табылады» деп жазылуы пәннің маңызын аша түседі», деп көрсетілуі бұл пәннің тұлға қалыптастырушылық мәнін айқындай түседі (Өзін-өзі тану, «Бөбек»ҰҒПББСО, 2006) [10].

«Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздеріне көз жүгіртіп қарайтын болсақ, әлемдік рухани тұлғалардың философиялық ойларынан, яғни, Сократтың заманынан бастау алатынын көруге болады. Сократ философиясының мақсаты адамды ізгілікке тәрбиелеу деп түсінді және адам оған өзін тану және өзін сынау арқылы жете алады деп сенді. Оның әйгілі «Менің білетінім – мен ештеңе білмеймін, басқалар оны да білмейді», «Өзінді-өзің танып-біл!», «Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңдер» деген қағидаларының негізгі мазмұны да осы (Өзін-өзі тану, «Бөбек»ҰҒПББСО, 2006) [10].

Өзін-өзі тану пәні интегративті сипатқа ие, құндылықтарды түсінуге философиялық көзқарасты, гуманитарлық білімді көрсетеді. «Өзін-өзі тану» сабақтарында жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Жалпы-

адамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарды, яғни, мінезін өзгертуге болады. Ол туралы Ш.А. Амонашвилидің «Созидая человека» атты шығармасында сәбидің дүниеге келген сәтінен бастап, отбасын құрғанша, тіпті өмірге енгенше қалай тәрбиелеу керек екендігін әрбір отбасындағы қарым-қатынас арқылы ашып көрсеткен. Бұл еңбегінің сыры мынада: баланы «Жоқ!», «Болмайды!», «Бұзасың», «Сындырасың» деген сияқты тек тыйым немесе «Бәрі болады», «Өзің біл» деген сияқты немқұрайлылықпен өсірмей, сұрақ қойса, сабырмен жауап беруге және онымен сырлас болуға кеңес береді. Ал, тағы бір еңбегінде ұстазға баланы сүюді және сүйіспеншілікпен білім беруді дәріптейді (Әрінова, 2016; Амонашвили, 1996; Амонашвили, 1982) [11-12].

Нәтижелер және талдау

Өзін-өзі тану сабақтарында оқу сауаттылығын қолдану мүмкіндіктері. Оқушылардың құндылық-мағыналық біліктерін дамыту.

Әрине, функционалдық оқу сауаттылығын дамытатын негізгі пәндер – тіл және әдеби пәндер болып табылады. Сондай-ақ, тапсырмалардың кейбір элементтерін, мысалы, бастауыш сынып оқушылары үшін өзін-өзі тану сабақтарында қолдануға болады. Жазбаша және ауызша мәтіннің мағынасын кеңейту және айқындау үшін оқу сауаттылығын дамытуға арналған дағдылар мен тапсырмалар қолданылады. Осылайша, оқу сауаттылығын өзін-өзі тану пәнінде қолдану адам өмірінің құндылықты мәнін түсіну құралы болып табылады. Өзін-өзі тану пәнінің негізінде оқу сауаттылығын қалыптастыру тапсырма ретінде берілген мәтіндердің маңызын ашумен сипатталады.

Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын мынадай оқу дағдылары арқылы дамытуға болады:

Мәтіннің мәнін ұғыну дәл табу;

Қажетті ақпаратты бөліп талдау;

Мәтін бойынша ой түйю, пікірлесе алу;

Мәтін мен тақырыбы арасындағы байланысты түсіну;

Мәтіндегі негізгі ойды әр тараптан қарастыра алу.

Өзін-өзі тану сабағының мақсат-міндеттері оқушыларға жалпыадамзаттық құндылықтардың (Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық, Қиянат жасамау) рухани-адамгершілік мәнін ұғындыру болып табылады. Сонымен қатар, пән бойынша өткізілетін сабақтар осы жалпыадамзаттық құндылықтар қамтитын рухани-адамгершілік қасиеттердің әлеуетін ашып,

әр баланың ізгілік жолын таңдауына ықпал етуі керек. Сол себепті өзін-өзі тану сабақтарындағы мәтіндердің мазмұнындағы ойды өз сөзімен жеткізе білу оқу сауаттылығының бір көрінісі деп саналады.

Өзін-өзі тану сабақтарында мәтінмен жұмыс жасау пәнді оқытудың арнайы әдістерінің бірі *әңгімелесу* бойынша жүргізіледі. Әңгімелесу әдісі сабақтағы «Мұғалімнің сыйы» немесе оқиға айту өнері деп аталатын әдісті басшылыққа алады. Оқу сауаттылығы мәтінді тыңдаудан басталып, мәтін бойынша қойылатын сұрақтардың толық жауабымен бағаланады. Мысалы, Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін оқып талдау кезінде мәтін мынадай сұрақтар беріледі:

Жолаушылар тастағы жазуды қалай түсінді?

Үш жігіттің айтқандарынан олардың бойындағы қандай қасиеттерді байқадыңдар?

Адамның көңілін, бойын бұлақтай таза ұстау үшін қандай құндылықтар мен қасиеттер болуы қажет деп ойлайсыңдар?

Сендерге айналадағы адамдардың көңіл күйі қалай әсер етеді?

Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтайды. Кейіпкерлердің бойындағы жақсы немесе жаман қасиеттерді тауып, оларды өз ойларымен түсіндіреді.

Мәтіннің құндылық-мағыналық мазмұнын анықтау негізінде өзін-өзі тану сабақтарында келесі тапсырмаларды беруге болады:

– Мәтінді тақырыпсыз беріп оқыту;

– Құндылыққа бағдарлай отырып мазмұндау;

– Әр абзацқа ат қойғызу;

– Толық мәтінге ат қою,

– Тірек сөздер табу;

– Мәтінге жоспар құрғызу;

– Мәтін және құндылық бойынша қысқаша эссе жазғызу.

Кейбір тапсырмалар арқылы оқушылар мәтін құрастырып, олардың мағынасын сыныптастарына жеткізуді, әңгімелерді түсінуді, құндылықтарды көруді үйренеді. Мұндай тапсырмалар сторителлинг, әңгімелерді талқылау, «Мұғалім сыйын» талқылау кезінде немесе шығармашылық жұмыс кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сөйтіп, өзін-өзі тану сабақтарында мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға тигізетін әсерін анықтауға болады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған мәселелердің түйіні ретінде жинақтап қорытар болсақ, функционал-

ды сауаттылық мектеп оқушыларының білім, білік, дағдыларының негізінде қалыптасатын оқу әрекеттерінің нәтижесі деп санаймыз. Оқыту үдерісіндегі дидактикалық талаптарға орай оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі ретінде мәтінмен жұмыс жасаудың маңызы айрықша. «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұнындағы

оқу мәтіндері тұлғаның рухани адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағыттталып, пәнді оқыту әдістері олардың функционалды сауаттылығын қалыптастыратын оқу дағдыларының нәтижесімен бағаланады. Өзін-өзі тану сабақтарындағы тапсырмалар оқушыларға өз әңгімелерін құрастыруға және олардың құндылықтық мәнін ұғынуға көмектесе алады.

Әдебиеттер

1. Казеева О.С. Формирование и развитие интереса к чтению у современных школьников // Педагогика. – 2016. – №3.
2. Занков Л.В. Начальное обучение и вопросы дидактики // Народное образование, 1964, № 7. 115 с.
3. 12-жылдық мектеп жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 43 б. 26-29 б.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда ата-аналар ықпалын бағалау. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ 2015. – 22 б. // <http://iac.kz/kk/analytics/okushylardyn-funkcionaldyk-sauattylygyn-kalyptastyruda-ata-analar-ykpalyn-bagalau>
5. «PIRLS-2016: Қазақстан нәтижелері», 2018 жыл: Ұлттық есеп/ Е.Б. Нұрланов, А.Д. Байгулова, Б.А. Қартпаев, М. Аманғазы, Е. Сабырұлы, Г.А. Ноғайбаева. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2018 – 154 б.
6. Основный результаты международного исследования образовательных достижений учащихся PISA-2000 (краткий отчет). – М., 2002.
7. Jensen, E. Teaching with the brain in mind (2nd ed.). – Alexandria, VA: Association for Supervision and Curriculum Development, 2005.
8. Wood, W., Neal, D. T. A new look at habits and the habit-goal interface // Psychological Review. – 2007.
9. ҚазТест // <http://kazakhtest.kz/kz/ots/85/>
10. Өзін-өзі тану. Қазақстан Республикасы Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Алматы: «Бәбек»ҰҒПББСО, 2006.
11. Әрінова Б.А. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру жүйесінде «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың қазіргі жаңа бағыттары // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2016. – №1(47). – С.146-151.
12. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М.: Изд. дом Шалвы Амонашвили, 1996.
13. Амонашвили Ш.А. Созидая человека. – М.: Знание, 1982. – №. 4. – С. 94.

References

1. 12-zhıldıq mektep jagdayında oqushılardıń funkcionaldıq sauattılıgın bagalau adistemesi (2013). Adistemelik qupal. [Methods of assessing the functional literacy of students in the context of 12-year school. Methodical evidence]. Astana: I.Altynsapın atındaǵy Ulttıq bilim akademiyası [Y. Altynsapın National Academy of Education]. 43. (In Kazakh)
2. Amonashvili Sh. A. (1982). Sozidaya cheloveka [Creating a person]. Moscow, Znanie, 4, 94.
3. Amonashvili Sh. A. (1996). Razmishleniya o gumannoy pedagogike [Reflections on human pedagogy]. Moscow, Izd. house of Shalvy Amonashvili.
4. Arinova B. (2016) New directions of teaching the subject «self-cognition» in the system of general secondary education in the republic of Kazakhstan. Journal of Educational Sciences. V.47(1). 146-151.
5. Jensen, E. (2005). Teaching with the brain in mind (2nd ed.). Alexandria, VA: Association for Supervision and Curriculum Development.
6. Kazeeva O. S. (2016). Formirovaniye i razvitiye interesa k chteniyu u sovremennykh shkol'nikov [Formation and development of interest in reading in modern students]. Pedagogika [Pedagogy]. 3. (In Russian)
7. KazTest. <http://kazakhtest.kz/kz/ots/85/>
8. Nurlanov, A.D., Baygulova, B.A., Qartpaev, M., Amangazi, E. Sabiruli, G.A., Nogaybaeva, E.B.(2018). PIRLS-2016: Qazaqstan natizheleri, 2018: Ulttıq esep [PIRLS-2016: Results of Kazakhstan”, 2018: National Report]. Astana: «Aqparattıq-taldaw ortalıǵı» AQ [Information and Analytical Center JSC]. 154. (In Kazakh)
9. Oqushılardıń funkcionaldıq sauattılıgın qalıptastruda ata-analar ıqpalın bagalau (2015) [Assessment of the influence of parents in the formation of functional literacy of students]. Astana, «Aqparattıq-taldau ortalıǵı» AQ. 22. <http://iac.kz/kk/analytics/okushylardyn-funkcionaldyk-sauattylygyn-kalyptastyruda-ata-analar-ykpalyn-bagalau> (In Kazakh)
10. Osnovnyy rezul'taty mezhdunarodnogo issledovaniya obrazovatel'nykh dostizheniy uchashchikhsya PISA-2000 (kratkiy otchet) [Main results of the international study of educational achievements of PISA-2000 students (summary report)]. Moscow, 2002. (In Russian)

11. Ozin-ozu tanu (2006) [Self-cognition]. Qazaqstan Respublikası Bilim berudin memlekettik jalpıǵa mindetti standartı [State compulsory standard of education of the Republic of Kazakhstan].-Almaty: «Bobek», 12.
12. Wood, W., & Neal, D. T. (2007). A new look at habits and the habit-goal interface. *Psychological Review*.
13. Zankov L. V. (1964). Nachal'noe obuchenie i voprosy didaktiki [Primary education and didactics issues]. *Narodnoe obrazovanie* [Public education], 7. 115. (In Russian)